

## 1-БЛОК: Адам. Қоғам. Құқық және қаржылық сауаттылық

### *Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

1. Мәдениет туындыларын туғызатын, тарататын және пайдаланатын, бір аумақта өмір сүретін социум
  - A) мәдени дәстүр
  - B) мәдени әрекет
  - C) мәдени орта
  - D) мәдени игілік
  - E) мәдени мұра
  
2. «Өзінді-өзің таны» нақылын өзінің философиялық ұраны мен басшылық ұстанымы дәрежесіне көтерді
  - A) Пифагор
  - B) Платон
  - C) Аристотель
  - D) Сократ
  - E) Демокрит
  
3. Кездесудің жанама түріне жатпайды
  - A) радио тыңдау
  - B) газет оқу
  - C) бетпе-бет кездесу
  - D) хат жазысу
  - E) телефонмен сөйлесу
  
4. Скептицизм сөзін грек тілінен аударғандағы мағынасы
  - A) жинаушы
  - B) зерттеуші
  - C) салушы
  - D) жазушы
  - E) барлаушы
  
5. Қазіргі жаратылыстану ғылымдарының негізгі саласының бірі
  - A) мәдениеттану
  - B) тарих
  - C) психология
  - D) геология
  - E) филология

6. Қытайлық философия мектептерінің белсенді қалыптасу мерзімі
- A) Б.з.б. XI–X ғғ.
  - B) Б.з.б. V–IV ғғ.
  - C) Б.з.б. VI–V ғғ.
  - D) Б.з.б. VII–VI ғғ.
  - E) Б.з.б. VIII–VII ғғ.
7. Дүниетаным туралы ғылым
- A) идеология
  - B) логика
  - C) философия
  - D) этика
  - E) эстетика
8. Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан зерттейтін кешен
- A) экофилософия
  - B) медицина философиясы
  - C) этнология
  - D) метафизика
  - E) биофилософия
9. Құранда кездесетін пайғамбар есімі
- A) Авраам
  - B) Гупта
  - C) Ибрахим
  - D) Моисей
  - E) Соломон
10. «Өсу сатылары» теориясын ұсынған әлеуметтанушы, экономист
- A) А. Тойнби
  - B) О. Шпенглер
  - C) Н.И. Данилевский
  - D) А. Ростоу
  - E) Парманид
11. Ш.Уәлиханов айналысқан ғылым саласы
- A) археология
  - B) философия
  - C) медицина
  - D) теология
  - E) психология

12. Некеге тұрмаған балалы жұптар:

- A) нуклеарлық отбасы
- B) дәстүрлі отбасы
- C) толық емес отбасы
- D) толық отбасы
- E) шынайы отбасы

13. XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап ғылыми-техникалық прогрестің жедел дамуы нәтижесінде қалыптаса бастаған қоғам

- A) аграрлық
- B) постиндустриялық
- C) капиталистік
- D) социалистік
- E) индустриялық

14. Адамның бақытты өмір сүруі үшін жағдай жасауға бағытталған даму:

- A) деградация
- B) революция
- C) регресс
- D) прогресс
- E) әлеуметтену

15. Саяси элита ол-

- A) саяси субъект
- B) жеке тұлға
- C) партия жетекшілері
- D) белгілі бір әлеуметтік топтардың көсемдері
- E) саяси билікті іске асырушылар

16. Адамдардың қай әлеуметтік топқа жататынын түсінуге мүмкіндік беретін саяси мәдениеттің қызметі

- A) бағдарлау
- B) коммуникациялық
- C) бірегейлендіру
- D) біріктіру
- E) әлеуметтендіру

17. Этиканың зерттеу объектісі

- A) мораль
- B) салт-дәстүр
- C) құқық
- D) сана
- E) әдет-ғұрып

18. Ежелгі және орта ғасырда адамдарды тұйық топ - кастаға бөлу көрініс тапқан ел

- A) Қытай
- B) Үндістан
- C) Египет
- D) Жапония
- E) Түркия

19. Бихевиоризм америкалық психологиядағы жетекші бағыттардың бірі болған кезең:

- A) XX ғ.соңы–XXI ғ.басы
- B) XIV ғ.басы–XVI ғ.басы
- C) XV ғ.соңы–XVI ғ.басы
- D) XVI ғ.басы–XVII ғ.басы
- E) XIX ғ.соңы–XX ғ.басы

20. «Саяси мәдениет» ұғымын ең алғаш енгізген неміс философы

- A) И.Кант
- B) З.Фрейд
- C) И.Гердер
- D) Д.Истон
- E) Т.Парсонс

21. Бір адамның шексіз билігіне негізделетін жүйе

- A) демократиялық
- B) тоталитарлық
- C) республикалық
- D) авторитарлық
- E) парламенттік

22. «Афинылық полития» трактатының авторы

- A) Цицерон
- B) Августин
- C) Аристотель
- D) Сократ
- E) Платон

23. Мемлекеттік органдардың сайлауын өткізудің тәртібін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы

- A) кодекс
- B) конституциялық құқық
- C) сайлау құқығы
- D) мемлекеттік құқық
- E) референдум

24. ХҮІ ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ халқының ұлттық құқықтық жүйесінің қалыптасуына үлес қосқан хан:

- A) Тәуке хан
- B) Жәңгір хан
- C) Хақназар хан
- D) Есім хан
- E) Қасым хан

25. Сенат депутаттарының өкілеттілік мерзімі

- A) 3 жыл
- B) 7 жыл
- C) 5 жыл
- D) 4 жыл
- E) 6 жыл

26. Жұмыс беруші мен қызметкердің еңбек міндеті бойынша олардың арасындағы жеке еңбек шарты негізінде туындайтын қатынасты реттейді

- A) еңбек шарты
- B) еңбек ұжымы
- C) еңбек құқығы
- D) еңбек талабы
- E) еңбек келісімі

27. Қызметкердің әлеуметтік қорғану, еңбегін қорғау, жұмыс уақытын мөлшерлеу, еңбек тәртібін орнату құқығын реттеуші

- A) еңбек құқығы нормалары
- B) еңбек актісі
- C) еңбек шарты
- D) еңбек қауіпсіздігі
- E) еңбек міндеттемесі

28. «Экономия» терминінің авторы

- A) Ф.Кенэ
- B) М.Фридмен
- C) К.Менгер
- D) Д.Юм
- E) Ксенофонт

29. Адамның барлық қажеттіліктердің топқа бөлінуі А.Маслоу бойынша

- A) жеті топқа
- B) бес топқа
- C) он топқа
- D) алты топқа
- E) екі топқа

30. Маржинальдық шығын дегеніміз:

- A) бас тартқан балама жолдардың ең таңдаулысының құндылығы
- B) жалпы шығатын шығынның әлдеқандай әрекет нәтижесінде өзгеруі
- C) адамдардың қандайда бір қажетін өтейтін қызмет
- D) жалпы пайданың әлдеқандай әрекет нәтижесінде өзгеруі
- E) сату үшін жасап шығарылған зат

31. Тиімділік

- A) шығындардың табыстан артық болуы
- B) нәтижелер мен шығындардың арақатынасы
- C) еңбек құралдарымен қамтамсыз ету
- D) шектеулі ресурстарды таңдау
- E) өнім өндіру факторларын реттеу

32. Нарықты қанағаттандырмайтын сұраныс

- A) нарықтағы тепе-теңдік
- B) тауар тапшылығы
- C) бағаның төмендеуі
- D) тауардың көбеюі
- E) тауар бағасының келешекте өзгеруі

33. Бағаның екі пайызға төмендеуінің әсерінен тауарға деген сұраныс сегіз пайызға жоғарылады. Сұраныстың икемділік коэффициенті нешеге тең...

- A) -4
- B) -16
- C) 5
- D) 16
- E) 4

34. Қоғамда өзінің лауазымын, әлеуметтік жағдайын көрсету мақсатында сатып алынатын тауарлар ...

- A) қалыпты тауарлар
- B) гомогенді (біртекті) тауарлар
- C) субституттар
- D) текті тауарлар
- E) гетерогенді (әртекті) тауарлар

35. «Қытайда өндірілетін «Баракат» сортты күріш құрамында мөлшерден артық қорғасынның табылуына байланысты әлгі күріш түрін әкелуге, сатуға және өндеуге Қазақстанда уақытша тыйым салынды. Мемлекеттік тазалық-эпидемиологиялық қызметтің бұл шешімі Қытайдың ірі күріш жеткізуші ел екендігін ескергенде, Қазақстандағы күріш нарығында ...

- A) ұсыныс бойымен қозғалысқа түседі
- B) ұсыныс қисығы оңға жылжиды
- C) ұсыныс қисығы жоғары жылжиды
- D) ұсыныс қисығы солға жылжиды
- E) ұсыныс қисығы бұрынғыша қала береді

36. Үш жылдан кейін Батыс – Қазақстан облысында қазіргі заманғы құрал – жабдықтарымен жабдықталған цемент зауытының құрылысы аяқталады. Ол зауыт М -200, М – 400, сонымен қатар қазіргі кездегі дефицит М – 600 цемент маркаларын шығаратын болады. Осы цемент түрлері биік ғимараттардың құрылысы үшін өте қажет. Мысалы, Алматы қаласындағы биік ғимараттардың құрылысы кезінде компаниялар сол қымбат құрылыс материалдарын АҚШ елінен әкелуге мәжбүр болып отыр. Зауыт құрылысы туралы осы факт тұрғын үйдің 1 м<sup>2</sup> құнына қалай әсер етеді...

- A) тұрғын үйлердің азаюы салдары ретінде баға өседі
- B) тұрғын-үйлерге деген сұраныстың төмендеуі салдары ретінде баға өседі
- C) тұрғын үйлердің ұсынысының азаюы салдары ретінде баға төмендейді
- D) тұрғын-үйлердің ұсынысының өсуі салдары ретінде баға төмендейді
- E) тұрғын – үйлерге деген сұраныстың өсуі салдары ретінде баға өседі

37. Жинақ ақшаның, акциялардың және басқа да салымдардың қолма-қол ақшаға оңай айналуы болып табылады

- A) бюджет
- B) өтімділік
- C) қаржылық мақсат
- D) қамсыздандыру
- E) сатып алу жиілігі

38. Бұл ең алдымен жылжымайтын мүлік сатып алуға берілетін кредит

- A) қысқа мерзімді кредит
- B) шығатын шығын
- C) күрделі пайыз
- D) қаржылық жоспар
- E) ұзақ мерзімді кредит

39. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің құрылымы

- A) республикалық және жергілікті
- B) провинциялар және жергілікті
- C) федерациялық және унитарлы
- D) облыстық және қалалық
- E) облыстық және аудандық

40. Материалдық игіліктер

- A) пайдалы қасиеттерінің арқасында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын қызметтер
- B) пайдалы қасиеттерінің арқасында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын заттар
- C) пайдалы қасиеттерінің арқасында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын білім беру салалары
- D) пайдалы қасиеттерінің арқасында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын денсаулық сақтау салалары
- E) пайдалы қасиеттерінің арқасында адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын ақпараттар

41. Белгіленген бір мерзімде капитал иесіне оның құралдарын пайдаланғаны үшін төленетін төлем

- A) дивидент
- B) несие пайызы
- C) салықтық пайызы
- D) үстеме пайыз
- E) депозит пайызы

42. Кәсіпкерліктің формасы бойынша жіктелуі

- A) коммерциялық және коммерциялық емес
- B) ұжымдық-құқықтық, ұжымдық-экономикалық
- C) өндірістік, қаржылық
- D) муниципалдық, қоғамдық
- E) жеке меншік, мемлекеттік

43. Кәсіпкерліктің ұйымдастыру ерекшелігіне байланысты

- A) концерн, салааралық, консорциум, мемлекеттік бірлестіктер
- B) жеке меншік, мемлекеттік, муниципалды, қоғамдық
- C) акционерлік, мемлекеттік, бірлескен, фермерлік
- D) өнеркәсіп, құрылыс, байланыс, ауыл шаруашылығы
- E) кооперативтік, бюджеттік, мемлекеттік, ассоциациялар

44. Нарықтық құрылымның қайсысында бір ғана сатушы бар...
- A) олигополия
  - B) монополия
  - C) жетілген бәсеке
  - D) монополистік бәсеке
  - E) монополия
45. Жеке дара өнімдерін ұсынатын сатушылардың көп болуы
- A) олигополияда
  - B) полиполияда
  - C) монополияда
  - D) олигополияда
  - E) монополияда
46. Бұл нарықтық (экономикалық) биліктің жеке шаруашылық субъектілерінің қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану процесі.
- A) өндірістің әртараптануы
  - B) өндірістің шоғырлануы
  - C) синдикат
  - D) картель
  - E) концерн
47. Еңбек өндіріс факторы ретінде сатылады және оның иесіне жалақы түрінде табыс әкеледі
- A) ақша нарығы
  - B) валюта нарығы
  - C) бағалы қағаз нарығы
  - D) капитал нарығы
  - E) еңбек нарығы
48. Жалпы шығындар
- A)  $TC = TVC + TFC$
  - B)  $TC = TVC - TFC$
  - C)  $TC = TVC + TFC$
  - D)  $TC = AVC + TFC$
  - E)  $TC = MC + TFC$
49. Тауар мен қызмет көрсету экспорт пен импорт арқылы жүргізілетін халықаралық экономикалық қатынастар түрі...
- A) дүниежүзілік шаруашылық
  - B) халықаралық сауда
  - C) стагфляция
  - D) фритредерлық саясат
  - E) протекционизм

50. Өзара әрекетке түсуі өндіріске ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктерін талдап жасап енгізуге жәрдемдесетін ғылымның, техника мен өзге де құрылымдардың қазіргі интеграцияға түсу пішіні

A) сауда

B) кластер

C) технопарк

D) бартер

E) технологиялық парк

*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

51. Қоғамдағы қасталық жүйе осы өркениетке тән

- A) Египет
- B) Үндістан
- C) Бактрия
- D) Қытай
- E) Рим
- F) Вавилон

52. Екіншінің жерді арнайы техникамен өңдеу барысындағы субъектіге жатады

- A) жер
- B) комбайн
- C) трактор
- D) тырма
- E) өсімдік
- F) егінші
- G) тұқым
- H) астық

53. Әртүрлі заңды және жеке тұлғалар арасында туындайтын экономикалық қатынас:

- A) тауар
- B) ақша
- C) ұсыныс
- D) келісім
- E) несие

54. Адам мен азамат құқықтарын мемлекеттік қорғау қызметтері

- A) прокуратура
- B) мәдени орындар
- C) есеп комитеті
- D) атқару органдары
- E) қоғамдық ұйымдар
- F) Конституциялық Кеңес
- G) қаржы қоры
- H) ішкі істер органдары

55. Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланатын тұлғаға қойылатын талаптар

- A) Тумысынан республика азаматы болу
- B) Ғылыми дәрежесі болу
- C) Қырық жасқа толу
- D) Бірнеше тіл білу
- E) Республика аумағында кемінде он бес жыл тұру
- F) Парламенттің депутаты болу
- G) Белгілі бір дінді ұстану
- H) Мемлекеттік тілді еркін меңгеру

56. Балама құн – бұл ... өлшенетін тауар мен қызмет түрінің құны.

- A) сатып алынған тауар бағасымен
- B) ең жақсы басқа шешімнің құнымен
- C) тауарды алу үшін қиятын нәрсемен
- D) қоғамда кездесетін шексіз ресурстармен
- E) әртүрлі экономикалық жүйемен
- F) сатып алу кезінде бас тартқандармен
- G) еңбек статистикасы бюросымен
- H) тұтынушылық баға индексімен

57. Егер сұраныстың төмендеуі қаламның бағасын арзандатса, онда:

- A) қаламның ұсыныс көлемі артады
- B) қаламның ұсыныс көлемі қысқарады
- C) сұраныс қисығы солға жылжиды
- D) қаламның сұраныс көлемі артады
- E) ұсыныс қисығы оңға жылжиды
- F) сұраныс қисығы оңға жылжиды
- G) қаламға деген сұраныс көлемі азаяды
- H) сұраныс қисығы өзгермейді

58. Ипотеканың айрықша маңызды қағидалары

- A) бөліп-бөліп төлеуі
- B) қайтарылымдылығы
- C) ақылығы
- D) кепілге салынатын мүліктің нақты болуы
- E) кепілділігі құнды қағазбен нақты болуы
- F) борыштық міндеттеме
- G) айқындығы
- H) кепілдің жариялығы

59. Еңбек ресурстарына ресми түрде кірмейтін тұрғындардың бөлігі

- A) программисттер
- B) бүлдіршіндер
- C) нәрестелер
- D) оқытушылар
- E) ғарышкерлер
- F) зейнеткерлер
- G) жұмыссыздар
- H) кәсіпкерлер

60. Ақша агрегаты

- A)  $M1 + M2$  + ұсақ жедел салымдар
- B)  $M0$  + қолма-қол ақша + чек салымдары
- C)  $M1$  + жинақ салымдар + ұсақ жедел салымдар
- D)  $M2$  + ірі жедел салымдар
- E)  $M2$  + чек салымдары
- F)  $M3$  + қысқа мерзімдік мемлекеттік бағалы қағаздар
- G) қолма-қол ақша + чек салымдары + жол чектері
- H)  $L$  + ұсақ жедел салымдар

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *1-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Адам құқығын қорғау БҰҰ-ның басты қызметінің бірі. Осы халықаралық ұйымының Бас Ассамблеясында аса маңызды Адам құқығының декларациясы қабылданды. Жалпы декларация кейіннен қабылданған адам құқығының жекелеген саласы бойынша қабылдаған құжаттарды біріктірді. Ол құжаттар азаматтық, саяси, экономикалық және әйелдер, балалар, мүгедектер құқығы туралы болып келеді. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ға мүше болғаннан кейін еліміздің кейбір заңдарын осы ұйымның Конвенцияларына сәйкестендірді.

61. БҰҰ-да бекітілген адам құқығын қорғау күні

- A) 10 желтоқсан
- B) 25 қазан
- C) 23 қаңтар
- D) 8 ақпан
- E) 19 қараша

62. БҰҰ Бас Ассамблеясында Адам құқығының жалпы декларациясы қашан қабылданды

- A) 1946 жыл
- B) 1948 жыл
- C) 1949 жыл
- D) 1950 жыл
- E) 1947 жыл

63. Еліміздің заңдарын халықаралық Конвенция ережелерімен сәйкестендірілуі

- A) Ратификация
- B) Декларация
- C) Хартия
- D) Преамбула
- E) Билль

64. Қазақстан 2008 жылы ратификациялаған халықаралық Конвенция

- A) Бала құқығы туралы
- B) Әйелдер құқығы туралы
- C) Кәсіподақ туралы
- D) Мүгедектер құқығы туралы
- E) Азаматтық құқық туралы

65. 1989 жылы қабылданған Конвенция

- A) Нәсілдік құқық туралы
- B) Бала құқығы туралы
- C) Әйелдер құқығы туралы
- D) Азаматтық туралы
- E) Мүгедектер құқығы туралы

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *2-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Альфред Маршалл экономикалық теория ғылымына «тепе-теңдік баға» деген категорияны енгізді. Маршалл былай деп жазған: «Біз “қағазды қайшының үстіңгі жүзі кеседі ме әлде астыңғы жүзі кеседі ме?” деген сұрақ секілді “құн бағалылықпен әлде өндіріс шығындарымен реттеледі ме?” деген сұраққа жауаптар іздегенде, бірдей жағдайда дауласуға болады. Барлық экономикалық проблемалар өздерінің ерекшеліктері бойынша үлкен айырмашылықтарына қарамастан, олардың барлығының мәні бір. Ол мәнділік дегеніміз екі қарама-қарсы мотив түрлерін теңестіру қажеттілігі болып табылады, олардың бірі – белгілі бір күш-жігер мен шығындардан бас тарту немесе белгілі бір тез арадағы қанағаттандыруға жету ... ». Басқа сөзбен айтқанда, бұл – сұраныс пен ұсынысты теңестіру қажеттілігі.

66. А. Маршалдың болжамы бойынша, егер нарықтағы баға тепе-теңдік бағадан төмен болса, онда ...

- А) сұраныс ұсыныстан артады, баға төмендей бастайды
- В) сұраныс пен ұсыныс көлемі теңеседі, баға тұрақталады
- С) ұсыныс сұраныстан артады, баға төмендей бастайды
- Д) сұраныс ұсыныстан артады, баға жоғарылай бастайды
- Е) ұсыныс сұраныстан артады, баға жоғарылай бастайды

67. Өндірістің шекті шығынын анықтайтын формула:

- А)  $MC = \frac{DQ}{DVC}$
- В)  $MC = \frac{DTC}{DC}$
- С)  $MC = \frac{DFC}{DQ}$
- Д)  $MC = \frac{DAS}{DQ}$
- Е)  $MC = \frac{DVC}{DQ}$

68. Сұраныс көлемі ұсыныс көлеміне тең болған кездегі баға

- А) нарықтық баға
- В) көтерме баға
- С) тұрақты баға
- Д) тепе-теңдік баға
- Е) икемді баға

69. Альфред Маршалл – ... мектептің жетекші өкілдерінің бірі:

- A) неоклассикалық
- B) маржиналистік
- C) классикалық
- D) меркантилистік
- E) физиократтық

70. Нарықтағы баға тепе-теңдік бағадан жоғары болса, онда нарықта ... пайда болады:

- A) тауар тапшылығы
- B) тепе-теңдік жағдай
- C) ақшаның артылуы
- D) тұтынушы ұтысы
- E) тауар артықшылығы

**1-БЛОК бойынша тест аяқталды.**